

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесін қамтамасыз ету үшін шекара әскерлерін және жүктерді мемлекетаралық әскери тасымал туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімнің күшін жою туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 19 Заңы

1-бап. Мәскеуде 1994 жылғы 9 қыркүйекте жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесін қамтамасыз ету үшін шекара әскерлерін және жүктерді мемлекетаралық әскери тасымал туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімнің күші жойылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесін қамтамасыз ету үшін шекара әскерлерін және жүктерді мемлекетаралық әскери тасымал туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Россия Федерациясының Үкіметі арасындағы
Келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Россия Федерациясының Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталады, сыртқы шекараларда (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер болып табылмайтын үшінші мемлекеттермен шекараларда) мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өзара мүдделерді басшылыққа ала

отырып,

Достастықтың сыртқы шекараларын күзетуді жан-жақты қамтамасыз етудің нақты мәселелерін шешуде тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүдделілік білдіре

отырып,

төмендегі мәселелер жөнінде келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде көрсетілген терминдер мыналарды білдіреді:

1. "Россия Федерациясының шекара әскерлері" - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағында тұрған Россия Федерациясы

Шекара әскерлерінің құрамалары, бөлімдері мен бөлімшелері.

2. "Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің құрамына кіретін адамдар":

а) Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің әскери қызметшілері;

ә) Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің бөлімдерінде, мекемелерінде, үйымдары мен кәсіпорындарында жұмыс істейтін, әскери қызметші болып табылмайтын Россия федерациясының азаматтары қатарынан алғынған адамдар.

3. "Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің құрамына кіретін адамдардың отбасы мүшелері" - жұбайлары, балалары, сондай-ақ бірге тұратын және асырауындағы туысқандары.

4. "Мұлік" - Көлік және басқа материалдық-техникалық құрал-жабдықтарды қоса алғанда, қару-жараптың, оқ-дәрінің, әскери техниканың барлық түрлері, сондай-ақ Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің қызметін қамтамасыз етуге қажетті кез-келген өзге материалдық құрал-жабдықтар.

5. "Мемлекетаралық әскери тасымал" - Россия Федерациясы аумағынан Қазақстан Республикасының аумағы бойынша және кері қарай әскерлерді, мұлікті және Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің құрамына кіретін адамдар мен олардың отбасы мүшелерін тасымалдау.

2-бап

Қазақстан Жағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетуді қамтамасыз ету мүддесінде өз аумағы арқылы Россия Федерациясының мемлекетаралық әскери тасымалын кеден бажын, транзит және транзитке қатысты белгіленген басқа да алымдарды алмай-ақ еркін тегін транзитті қамтамасыз етеді.

3-бап

Тараптар мемлекетаралық әскери тасымалды жүзеге асырған кезде өз мемлекеттерінің әскери тасымал жөніндегі заң актілерін және осы Келісімді басшылыққа алады.

4-бап

Мемлекетаралық әскери тасымал темір жол, әуе, теңіз, өзен және автомобиль көлігі арқылы жүзеге асырылады.

Қауіпті жүкті тасымалдау Қазақстан Республикасында қолданылатын осындай жүктерді тасымалдау Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Россия Федерациясының Шекара әскерлері құрамына кіретін адамдар мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағы арқылы олардың жеке басын

куәландыратын құжаттарды көрсету, ал олардың кәмелетке толмаған балалары - осы құжаттардағы жазбалар бойынша визасыз негізде өтеді.

Тараптар Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің құрамына кіретін адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жеке мүлкін шектеусіз және Кеден бажын, салық пен алым төлемей алып журу құқын береді.

5-бап

Мемлекетаралық әскери тасымалды жоспарлауға өтінімдер Тараптардың әскери-көлік органдарына жіберіледі.

6-бап

Мемлекетаралық әскери тасымалды басқаруды:
Россия Федерациясының аумағында - Россия Ішкі істер министрлігінің Арнайы тасымал жөніндегі басқармасы.

Қазақстан Республикасының аумағында - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Арнайы және әскери тасымал бөлімі жүзеге асырады.

Есеп беріліп отырған тәуліктерде Москва уақыты бойынша сағат 6.00-де және 18.00-де Россия ПМ-нің Арнайы тасымал басқармасы мен Қазақстан Республикасы ПМ-нің Арнайы және әскери тасымал бөлімі мемлекетаралық әскери тасымал жөніндегі ақпаратпен алмасады.

7-бап

Қазақстан Республикасының көлік органдары мемлекетаралық әскери тасымалдың Қазақстан Республикасындағы қозғалыс кестесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

8-бап

Ілесіп жүруді қамтамасыз ететін мемлекетаралық әскери тасымал Россия Федерациясы Шекара әскерлерінде қолданылатын ережелерге сәйкес әскери қаруылдармен күзетіледі.

Мемлекетаралық әскери тасымалды алып жүру жөніндегі күзеттердің жеке құрамы бара жатқан жолында тасымал жүзеге асырылатын жол қатынасы әскери-көлік органдарының өкілдерімен бірлесіп іс-қимыл жасайды.

9-бап

Мемлекетаралық әскери тасымалды әуе көлігі арқылы ұйымдастыру Тараптардың әуе көлігі мәселелерімен айналысатын органдарының келісімімен жүзеге асырылады.

Халықаралық әуе жолдары бойынша әуе кемелерінің ұшуын басқаруды Қазақстан Республикасының әуе көлігін басқарудың аумақтық органдары жүзеге асырады.

Мемлекетаралық әскери тасымалды орындаушы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі халықаралық құқыққа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Жағы Россия Федерациясы шекара әскерлерінің ұшақтары мен тік ұшақтарының Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуына (ұшып өтуіне) кедергі жасамайды.

Россия Федерациясы Шекара әскерлерінің ұшақтары мен тік ұшақтары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуды (ұшып өтуді) алдын-ала берілген етінімдер бойынша, Тараптар арасындағы Келісіммен белгіленген тәртіппен және маршруттамен жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында Россия Федерациясы Шекара әскерлері авиациясының ұшуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген бағалар бойынша, май құйып аруды қоспағанда, қолма-қол есеп айырусыз тегін жүзеге асырылады.

10-бап

Теңіз және өзен көлігімен мемлекетаралық әскери тасымал Тараптардың теңіз және өзен көлігінің мәселелерімен айналысатын органдарының келісімімен жүзеге асырылады.

11-бап

Мемлекетаралық әскери тасымал автомобиль көлігімен жеке түрде де, сол сиякты колонна құрамымен де жүзеге асырылады.

Егер Тараптардың құзырлы органдарының арасында басқадай келісім болмаса, колонна қозғалысы Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу Россия Федерациясы мен Қазақстан Республикасының құзырлы органдарының арасында консультациялар жолымен жүзеге асырылады.

13-бап

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданылады, ал кейін егер Тараптардың ешқайсысы Келісімнің күшін тоқтатуға ниет

білдірмесе, бұл жөнінде ол кезекті бес жылдық мерзім біткенге дейін алты айдан кешіктірмей екінші Жаққа жазбаша хабарлауы тиіс, өзінен-өзі әр жолы келесі бес жылдық **кезеңге** **ұзартылады**.

Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Москва қаласында 1994 жылы 9 қыркүйекте әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Россия Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Осымен 1994 жылғы 9 қыркүйекте Москва қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзету мүддесін қамтамасыз ету үшін шекара әскерлерін және жүктөрді мемлекетаралық әскери тасымал туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Россия Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімнің түпнұсқасының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан

Республикасы

Сыртқы істер

министрлігінің

Халықаралық құқық

департаментінің

Кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК